

2009 жылы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынған мекемелердің тізбесі туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 41 қаулысы. Қостанай облысы Жангелдин ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 3 наурызда № 9-9-97 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 92 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 22.04.2009 № 92 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына кіретін жұмыссыздарды орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынған мекемелердің тізбесі бекітілсін (қосымша қ о с а т і р к е л д і) .

2. Жангелдин ауданының әкімдігінің 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 230 " 2008 жылы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынған мекемелердің тізбесі туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне 2008 жылғы 29 қаңтарда № 9-977 тіркелген аудандық "Біздің Торғай" газетінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 7 (7898) санында жарияланған) қаулының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. А у б а к и р о в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы *Т. Аубакиров*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о с т а н а й о б л ы с ы
Ж а н г е л д и н а у д а н ы н ы ң
ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы
№ 41 қаулысына қосымша

**Халықтың нысаналы топтарына кіретін
жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік
жұмыс орындарын ұсынған мекемелердің
ТІЗБЕСІ**

1. "Жангелді коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік
к о м м у н а л д ы қ к ә с і п о р н ы .

2. Жангелдин ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің Жангелдин ауданы
әкімдігінің "Болашақ" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3. "Заман-05" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.